

UST.KZ

Халықаралық жоба

«USTAZ TILEGI» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

THE REPUBLICAN SCIENTIFIC-
METHODOLOGICAL CENTER «USTAZ TILEGI»



дәрежелі

ДИПЛОМ

№Т-0145601

«Мамыр» айында өткізілген Республикалық «Баланың тілін дамытуда дидактикалық ойындардың маңызы» Блиц-турнирінің 2 орын жеңімпазы Түркістан облысы Келес ауданы Абай ауылы №3 "Көркем" бөбекжай бақшасы тәрбиешісі

Сатыбалдиева Аманкул Мыктыбаевна
марапатталады



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«Устаз тілегі» республикалық ғылыми
әдістемелік орталығының
директоры: Джамбулова С. А.

Уақыты: 31.05.2020

Тіркеу № Т-0145601





**Сатыбалдиева
Аманкул
Мыктыбаевна**

Қазақстан Республикасының білім мен тәрбие саласына қосқан еңбегі үшін Қазақстанның педагогикалық академиясы арнайы құрылған комиссиясының 2020 жылдың 27 қыркүйек №13 шешіміне сәйкес "Ең үздік тәрбиеші" тосбелгісімен **Сатыбалдиева Аманкул Мыктыбаевна** марапатталғаны туралы осы куәлік берілді.

№233

Қазақстанның педагогикалық академиясының президенті



Қ. А. ҚОЛТЕБЕЙ



ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

Ұлағаты мол өнегелі қызметте қоғам мен адамзат алдындағы ұстаздардың еңбегі өлшеусіз. Ұстаздардың өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі өрелі жұмыстары мен мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы еңбектері толағай табыстарға толы. Шәкіртінің үлкен биікке қол жеткізуіне, адамгершілікке тәрбиелеудегі өнегесі әрқашан жоғары бағалана бермек.

Ұстаздар мерекесі күніне орай, ел мақтаны болған аяулы ұстаздарымыздың есімін ардақтау мақсатында және білім беру ісіндегі елеулі жетістіктері мен ерен еңбегі үшін

САТЫБАЛДИЕВА АМАНКУЛ МЫҚТЫБАЕВНА

марапатталады.




Республикалық “ӨРІЕУ”
порталының директоры:

Ж.Ф. Кошқимбаев

№ АГЖ090049

2020 ЖЫЛ

Almaty



QAZAQSTAN



MEDIA BİLİM

ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫ



ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

Жас ұрпаққа сапалы білім, сапалы тәрбие берудегі игілікті істері және ұлағатты ұстаздық жолындағы шығармашылық ізденістері арқасында өз шеберлігін, біліктілігін жоғары дәрежеде танытқаны үшін

Сатыбалдиева Аманкул Мықтыбаевна
марапатталады

Қазақстанның педагогикалық академиясының президенті



Ж.ТӨЛТЕБАЙ

Тіркеу №233

Қазақстан Республикасы, 2020-2021 оқу жылы

Сертификат

«ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ»

Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы

Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай ауылы
№3 «Көркем» бөбекжай бақшасы
Тәрбиешісі

Сатыбалдиева Аманкул Мыктыбаевна

Білім жүйесіне қосқан үлесі үшін
алғыс білдіреді!

Бас редактор:
А. Д. Даукенова



ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Алматы 2020

психикалық қабілеттері дамиды. Бала достықта бірін-бірі түсініп, қимыл-әрекет жасауға, тапқырлыққа, шыдамдылыққа, ептілікке және қимылдауға, ойлауға, табандылыққа дағдыланады. М.Жұмабаев халықты педагогика негізінде ойына мынадай мән берген: «Баланың қиялы әсіресе ойында жарыққа шығады». Ойын балаға кәдімгідей бір жұмыс. Ойнағанда бала жанындағыны әсерлене пайдаланады.

3-5 жас арасы анатомиялық, физиологиялық жағынан қауырт қимыл әрекеті, қозғалысты, жылдамдықты талап ететін кезең болғандықтан бала организмі үшін ойын қажет деп есептейміз. Сондықтан бұл жастағы бала қанша ойнаса да шаршамайды. Психологтардың анықтауы бойынша балалардың ойыны, олардың өмірге бейімделуі.

Бұл жөнінде көрнекті психолог, профессор А.В. Запорожец: «Біз дидактикалық ойын жекелеген білімдермен бейімділіктерді игерудің формасы болып қана қоймай, сонымен бірге баланың жалпы дамуына көмектесетін, оның қабілетін қалыптастыруға қызмет ететін болуына жетуіміз қажет» - десе, Н.К.Крупская «балалар үшін ойын - оқу, олар үшін ойын - еңбек, олар үшін ойын - тәрбиенің елеулі формасы» - дейді, ата-аналарына арналған лекцияларында А.С.Макаренко ойын мен бала еңбегінің арасында заңды байланыс болатынын, ал айналадағы дүниеден алған әсерін ойында бейнелеу арқылы нақты еңбек әрекетіне үйренетінін айтады. Сондықтан А.С.Макаренко: «Бала ойында қандай болса, ол өскен кезде де, жұмыста көп жағынан сондай болады» - деп тұжырымдайды. М.Горький «Бала ойынды сүйеді. Ойнағанда не болса, соның бәрімен де ойнайды, ол өзінің айналасындағы дүниені ойын және ойынның үстінде тез таниды. Бала сөзбен де ойнайды, осы сөзбен ойнағанда өз ана тілінің нәзік жерлерін үйренеді, тілдің музыкасын ұғады», дегені мәлім.

2. Ойынның түрлері мен рөлі. Балалық шақ - бала бойына адамгершіліктің негізін қалайтын кез. Сондықтан да бала бойына жас кезінен бастап ізгілік, мейірімділік, инабаттылық сезімдерін қалыптастырғы ата-аналар мен ұстаздардың міндеті.

Бала бақшада ойнайтын ойын түрлеріне тоқталатын болсақ, олар:

1. Дидактикалық ойындар.
2. Сөздік — дидактикалық ойындар .
3. Рольді сюжетті ойындар .
4. Драмалық ойындар.
5. Шығармашылық ойындар.
6. Әдеби – музыкалық ойындар .

Осылардың ішінде дидактикалық ойындардың маңызы зор. Әрбір мұғалім сабақ процесінде қандай дидактикалық ойын қолданылатынын күні бұрын сабақ мазмұны мақсатына сай лайықтап алғаны жөн. Өйткені мектепке келген балалар үшін қызықты әрекет бола отырып, оларды тәрбиелеу мен дамытудың аса маңызды құралы болып табылады. Бірақ ол ұйымдастырылған педагогикалық процеске еңгізілгенде ғана сондай құралға айналады. Ойынның дамуы мен орнығуы оны нақ осылай тәрбиелеу құралы ретінде пайдалануға көп байланысты.

ЖАНА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БАЛАБАҚШАДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.



*Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай ауылы
№3 «Көркем» бөбекжай бақшасы
Тәрбиешісі
Сатыбалдиева Аманкул Мыктыбаевна.*

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала – біздің болашағымыз. Олай болса, балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол-үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты-баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болуы тиіс.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы денгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр.

Жетекші ғалымдар мен практиктер жүргізген көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулер нақты мектепке дейінгі жасты зияткерлік, тұлғалық, әлеуметтік, эмоционалды дамуын стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігін және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту, дамыту ісіне ерекше көңіл бөлді.

Ата-ана баласын балабақшаға әкелгенде үлкен ортаға үйренеді, бейімделеді, көзі ашылады деп үміттенеді. Ол - педагогтың басты мақсатының бірі. Баланың ойлау және шығармашылық қабілетін дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, оқу, жазу, сызуға ойын арқылы үйрету басты назарында болатыны анық. Осыған байланысты еліміздің сеніп тапсыратын мәртебелі азаматты қалыптастыратын отбасы және мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің қызметкерлері. Заман талабына сай білімді, мамандығының қыр-сырын игерген педагог-тәрбиешілерді даярлауда оқу-тәрбие ісін тәжірибемен үйлестіру, кәсіптік білім беруді жетілдіру, жаңа оқу жоспары, жаңа бағдарламаға сай курстар мен түрлі семинарлар өткізудің маңызы зор. Мұның өзі педагогтың жұмысына деген қызығушылығын, шығармашылық қабілетін шыңдауына, бала тәрбиесіне деген түсінігінің кенеюіне бірден-бір себеп болып табылады.

Білім – теңіз, оның тереңіне құпиясын ашатындар ғана бойлай алмақ. Ондай адамдарды дайындайтын, білім, тәрбие беретін бала жанының бағбаны – тәрбиеші. Ал ұстаз білімді бала санасына сабақ арқылы жеткізеді. Ол – ұстаздың бір-біріне ұқсамайтын жан-жақты өткізген сабақтары. «Білім беру – табиғат пен қоғам жайында ғылымды жинақталған білім жүйесін жеке адамның меңгеруі және оны өмірде тиімді етіп қолдана білу» деп көрсетеді Ж. Қоянбаев. Тәрбиешінің бағыттауымен бала білімді меңгеріп қана қоймай, оны өмірде, іс-тәжірибесінде тиімді қолдана білуі шарт.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі-маңызды мәселелердің бірі.

Жас ұрпақты рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұның құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі.

Жаңа инновациялық әдістер тиімділігі

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2030» Қазақстан халқына арналған жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп, жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл процесс педагогика теориясы мен оқу - тәрбие процесіне нақты өзгерістер енгізумен қатар, елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуметін дамытудың, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді».

Үздіксіз білім беруге көшу, компетенцияға негізделген білім, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану, білім берудің ашықтығы, көкейкестілігі, іргелі білім беру, білімді ізгілендіру; білім берудегі инновациялық әдістер. «Инновация» термині ғылымға ХІХ ғасырда енді. Ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық енгізу», «жаңашылдық» деген ұғымды білдіреді. ХХ ғасырдың 30 жылдары И.Шумпетер, Г. Менш «инновация» терминін ғылымға енгізді. Осы кезден бастап, «инновация», «инновациялық процесс», «инновациялық потенциал» терминдері жалпы ғылымдардың терминологиялық жүйесін байытты. Инновациялық үдерістің негізі-жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асыру. «Технология» ежелгі гректің «techno» - өнер, шебер, білгір және «logos» - білім, ғылым деген сөздерінен шыққан. Сонымен технология – шеберлік, өнерлік, білгірлік туралы ғылыми ұғым. «Технология» сөзі көптеген ұғымды білдіреді, олар:

Белгілі бір маңызды әрекетте, өнерде, шеберлікте мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс (В.Даль сөздігі).